

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 5 шілдедегі N 930 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қазандағы N 1113 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі N 387 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.24 N 387 (қолданысқа енгізілу тәртібін 10-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 5 шілдедегі N 930 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 32-33, 295-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті туралы ережеге :

11-тармақ 8) тармақшасындағы "жүргізу" деген сөзден кейін ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) республикалық мемлекеттік кәсіпорындарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында тиесілі мүліктің тиімді пайдаланылуын бақылау";

1 2 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) республикалық мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты республикалық меншік құқығы субъектісі";

17) тармақшадағы "республикалық мемлекеттік органдардың" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ оларға ведомстволық бағынысты республикалық мемлекеттік ұйымдардың" деген сөздермен толықтырылсын, "және иелік ету" деген сөздер алынып тасталсын;

1 3 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) республикалық мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты республикалық меншік құқығы субъектісінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға";

7) тармақшадағы "мемлекеттің қатысуымен ұйымдарды қайта ұйымдастыру

мен санациялауға" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтаған экономиканың стратегиялық салаларындағы республикалық мемлекеттік меншік объектілерін және жекешелендірілген ұйымдарды тиімді басқарудың мониторингін жүргізуге" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) тармақшадағы "органдардың" деген сөзден кейін ", сондай-ақ оларға ведомстволық бағынысты республикалық мемлекеттік ұйымдардың" деген сөздермен толықтырылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің құрылымы мынадай редакцияда жазылсын:

" Б а с ш ы л ы қ

Республикалық мемлекеттік меншік объектілерін сату басқармасы
Жекешелендіруден кейінгі бақылау басқармасы
Мемлекеттік меншікті басқару әдіснамасы және оны жетілдіру басқармасы
Мемлекеттің қатысуы бар мемлекеттік емес заңды тұлғалармен жұмыс жөнiндегi басқарма

Республикалық мемлекеттік заңды тұлғалармен жұмыс жөнiндегi басқарма

З а ң б а с қ а р м а с ы

Ұйымдастырушылық-инспекторлық жұмыс басқармасы

Республикалық бюджеттің кірісіне ақшаның түсуін бақылау бөлімі".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі